

А 2007
125к



Ермек Өтетілеуұлы

ӨСІП КЕЛЕ
ЖАТЫРМЫЗ



1 2007/125 к.

САНАМАҚТАР, САЛЫСТЫРМА
МЫСАЛ, АҒЫЗ, ЖҮМЕК

821.512.127

0 87

ЕРМЕК ӨТЕТІЛЕУҰЛЫ



ӨСІП КЕЛЕ ЖАТЫРМЫЗ

“Балалар әдебиеті” баспасы, 2006

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЛҒАШҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

00103828

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ,
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТ ЖӘНЕ
МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ*

Ө 87 Өтетілеуұлы Е. Өсіп келе жатырмыз.

“Балалар әдебиеті” баспасы. – 2006. –168 бет.

Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің белді өкілдерінің бірі— айтулы ақын Ермек Өтетілеуұлының бұл кітабына оның кезінде оқырман қауым құптай қабылдаған өлең-жырларының таңдаулы үлгілері еніп отыр. Жинақты құраған шығармалар балалар поэзиясының бар жанрын қамтып қана қоймай, таным-тәрбиелік мәні мен көркемдік деңгейі жоғары көтеріле білген, жаңашылдық реңктерімен ажарлана алған деуге болады.

Сонымен қатар, кітаптың негізгі өзегі—қазақы ұлттық болымыс десек, осы тақырып аясынан табылатын біраз жаңа туындылар да қамтылған.

Ақынның аталмыш толыққанды томы балалар мен олардың тәрбиешілері – ұстаздар мен ата-аналарға да бағалы базарлық боларына кәміл сенеміз.

Ө 4803250204
00 (05)-06

ББК 83.8 (5 Қаз)

ISBN 9965-650-51-9

© Өтетілеуұлы Е., 2006

© “Балалар әдебиеті” баспасы, 2006

САНАМАҚТАР, САБАҚТАР, МЫСАЛ, АҢЫЗ, ЖҰМБАҚТАР

1. ЖАЛҒЫЗ ЖОЛ

Жалғыз жол — жалғыз қалған жандай ол.

2. ЕГІЗ ЖОЛ

Егіз жолы бір өлеңнің қабысқан
Екі достай сағынысып табысқан.

3. ҮШ КЕЗЕК

Бірден бітпей қалған істен жерінбе,
Екінші рет ал қолыңа, ерінбе,
“Ер кезегі — үшке дейін”, берілме!

4. ТӨРТ ТАРАП

Шығыста таң алауланып атады,
Батыста күн жалауланып батады.
Солтүстікте мұхит мұз боп қатады,
Оңтүстікте шөл де гүлдеп жатады.

ТӨРТ ТҮЛІК ӘНІ

“Шопан ата — бұл мен”, — деп,
маңырайды көк қозым.

Кісінейді құлын кеп:

“Қамбар ата, — деп, — өзім”

“Зеңгі баба — тегім”, — деп,
мөңірейді бұзауым.

“Ойсыл қара — елім”, — деп,
қоймас бота боздауын.

5. БЕС САУСАҚ

Бас бармағым — атам, үйдің данасы,
Балаң үйрек — әжем, ошақ анасы,
Орган терек — әкем, отау панасы,
Шылдыр шүмек — шешем, шаңырақ ажары,
Титтей бөбек — мен, бәрінің базары.

ЖАСЫРЫНБАҚ

Ойнау үшін жасырынбақ
Білу керек анығырақ.
Кім шығады, кім қалады —
Кім іздейді, кім табады?

Анықтайды санамағым,
Сөзбен санап соның бәрін:
Бас — бармағым — бастап — берді,
Балаң — үйрек — қостап — берді,
Орган — терек —
Болып — тірек,
Саусақтарым — ән — сап — берді.
Шылдыр — шүмек —

Шылдырлады,
Кіші — бөбек —
Былдырлады.
Шылдырды — ұқтың —
Бара — ғой.
Былдырды — ұқтың —
Бара — ғой.
Шылдырды — да —
Былдырды —
Ұқпадың — сен —
Бүлдірдің:
Анау — жерге —
Тұра — ғой,
Көзінді — енді —
Жұма — ғой!
Тығылатын — біздер,
Сен — боласың — іздер!

ШЫНАШАҚ

Әке сөзін еске алам:
“Бес саусағым — бес балам.
Бас бармағым — үлкен ұл,
Басқаларға өктем бұл.
Балаң үйрек — гүл — қызым,
Ақылы көп қызығым.
Ортан терек — ортаншы ұл,
Ойында, істе — ортақшыл.
Шылдыр шүмек — салған дау
Кіші қызым шолжандау.
Титтей бөбек — шынашақ —
Кенже балам —
Болашақ
Үмітім мен қиялым,

Мұрагерім, тұяғым”.
Ретіменен санасақ,
Мен екенмін шынашақ,
Өсіп-өсіп толамын,
Бас бармақтай боламын.
Жаман атты тақпаймын,
Әке сөзін ақтаймын!

6. АЛТЫ ТАУ

Өр Алтай — шығыста қалқаным,
Көкшетау — шоқтығы Арқаның.
Қаратау — қазына қойнауы,
Баянтау — төрт түлік жайлауы.
Ұлытау — ен дала жотасы,
Алатау — таулардың атасы.

7. ЖЕТІ АТА

Бабам — Арман, кең даласын шарлаған,
Одан — Сарбаз, жерін жаудан қорғаған,
Одан — Тамыр, орыс доспен табысқан,
Одан — Азат, байбатшамен шабысқан,
Одан — Бақыт, еркін елін құрысқан,
Атам — Батыр, фашистермен алысқан,
Әкем — Ғалым, жоқ іздеген ғарыштан.

ЖЕТІ КҮН

Дүйсенбіден — алғаш күні аптаның,
Сейсенбіге дейін тақпақ жаттадым.
Сәрсенбіде сурет салдым, боядым,
Бейсенбіде екі “бестік” баға алдым.
Жұма күні жаңа кітап оқыдым,

Сенбі күні талдан себет тоқыдым,
Жексенбіде біраз ойнап, дем алдым.

АПТА

Бүгінгі күн — Дүйсенбі:
Құрал тауып тиісті,
Қолға аламын бір істі.

Ертеңгі күн — Сейсенбі:
Жұқа тақтай кесемін,
Қажет тұсын тесемін.

Бүрсүгүнім — Сәрсенбі:
Құрастырып шетінен,
Шегелеймін, бекітем.

Арғы күнім — Бейсенбі:
Артық жерін қырнаймын,
Әдемілеп, сырлаймын.

Ауыр күнде — Жұмада:
Ағаш ұям
Жаздайын
Тұрар орын таңдаймын.

Соңғы күнде — Сенбіде:
Төсеп мамық — “кілемін”,
Үйшігімді ілемін.

Азына күн — Жексенбі:
Еңбегімді бұлдаймын,
Бұлбұл әнін тыңдаймын.

Жеті күнім — бір Апта:
Жету үшін мұратқа,

Апта бойы құр жатпай,
Алға қарай бір атта!

8. СЕГІЗ АЯҚ

Алыстан қозғап,
Тереңнен толғап,
Жырларын жазған мәңгілік
Өтсе де ғасыр,
Өлеңін асыл
Ұрпағы айтқан ән қылып,
Абайдың сөзі, нақылы —
Айтатын бізге ақылы.

9. ТОҒЫЗ ТҮСТІ ТЕҢІЗ СҮСТЫ

КӨК теңіздің шағаласы шулайды,
ҚАРА жалды толқындары тулайды.
СҰРҒЫЛТ бұлттар таңғы аспанды буады,
БОЗҒЫЛТ тұман пердесін жел қуады.
ЖАСЫЛ арал алыстағы бұлдырап,
ҚОҢЫР жартас бетін теңіз жуады.
САРҒЫ құмды жағалауға жақындап
Қалған біздің АҚ кемені жалтылдап,
Танытады КӨКШІЛ жалау айқындап.

10. ОН МАМАН

Бір баламыз — бақташы,
Екіншісі — егінші,
Үшіншісі — үлгіші,
Төртіншісі — теңізші,
Бесіншісі — балташы,

Алтыншысы — аспазшы,
Жетіншісі — жылқышы,
Сегізінші — сырнайшы,
Тоғызыншы — тігінші,
Оныншысы — орманшы.

ОН ДОС

Он досым бар балдырған
Мейірімді қандырған.
Әттең, бір-бір міні бар
Көңілімді қалдырған.

Біріншісі — болжырлау,
Екіншісі — енжарлау,
Үшіншісі — “үркектеу”,
Төртіншісі — тентектеу.
Бесіншісі — бөспелеу,
Алтыншысы — аңқаулау,
Жетіншісі — жалқаулау,
Сегізінші — сәл салақ,
Тоғызыншы — тым тоңғақ,
Оныншысы — ой, олақ!

Он досым сол балдырған
Мейірімді қандырған
Арылса осы міндерден,
Алғыс алар біздерден.

ОН АҢ-ҚҰС

Ойым бар сынамақ,
Ол үшін санамақ
Кел, санап көрелік:

Бір бұғы,
Екі елік,
Үш үкі,
Төрт түлкі,
Бес бүркіт,
Алты арыстан,
Жеті жапалақ,
Сегіз сауысқан,
Тоғыз тоқылдақ,
Он оқпақ! —
Ал, қане, кім таппақ:
Қосқанда санға сан,
Болады
Қанша құс,
Қанша аң?

ОН ҚАДАМ — ОҢ ҚАДАМ

(Тұсау кесер)

Қане, балам, қаз басқын,
Бір-ақ адым — аз бастың.
Қаз-қаз,
Бірің аз!

Енді ерінбе, екі бас,
Ерге сендей екі де аз.
Қаз-қаз,
Екің де аз!

Үшке дейін — ер кезек,
Күшің қайда, жүр тездеп.
Қаз-қаз,
Үшің де аз!

Төрт қадам бас, тоқтама,
Тәй-тәй басып, жет маған.
Қаз-қаз,
Төртеу де аз!

Бес адымға барайық,
“Бестік” баға алайық.
Қаз-қаз,
Бесеу де аз!

Ал, азырақ дем ал да,
Атта тағы сен алға.
Қаз-қаз,
Алты да аз!

Жеті адымға жетейік,
Жігерленіп кетейік.
Қаз-қаз,
Жеті де аз!

Соңғы күшті салайық,
Сегіз басып қалайық.
Қаз-қаз,
Сегіз де аз!

Тағы да бір терлейік,
Тоғыз аттап, ерлейік.
Қаз-қаз,
Тоғыз да аз!

Бетіңнен біз қақпайық
Он аттасаң, мақтайық.
Қаз-қаз,
Емес аз!

Қаз — қаз, жөн, балам,
Бастың бүгін он қадам!
“Он қадамың — оң қадам
Болсын!” — дейді енді анаң.

11.ОН БІР БУЫН ҚАРА ӨЛЕҢ

Төрт жолдан тұратұғын әр шумағы,
Үш түрлі келетұғын бар ырғағы,
Қазақтың он бір буын қара өлеңі —
Халқымның ең сүйікті ән ырғағы.

Ұйқасы бар тұрақты қалыптасқан,
Татарға да қырғызбен жақын бастан,
Қара өлеңнің ежелгі үлгісімен
Бұл күнде де жазады ақын дастан.

.....
Түсінсең сен, іздемессің “қайда” деп,
Он бір жолмен осы өлеңді бітірем,
Алғаш жолын бұл шумақтың “ойда” деп.

ОН БІР ҚАРА ЖҰМБАҚ

Бірім — бір үй баласы,
Екім — екі ағасы,
Үшім — үлкен әпкесі,
Төртім — таудай әкесі,
Бесім — балдай бөпесі,
Алтым — алтын атасы,
Жетім — жайсаң әжесі,
Сегіз — сырлас анасы,
Тоғыз — титтей інісі,
Оным — көзді кім жұмбақ?
Он бір қара бұл жұмбақ.

12. ОН ЕКІ АЙ

Наурыз — қазақ атамыздың жыл басы,
Көкек — көктем шуағының жалғасы.
Мамыр — шағы құстар басқан балапан,
Маусым — отамалы көкті қаулатқан.
Шілде — жаздың нағыз ыстық күндері,
Сарша тамыз сарғайтар шөп гүлдерді.
Қыркүйекте қырда күйек алады,
Қазан — күзде қарға, күзгын қалады.
Қарашада жер боп қара топырақ,
Желтоқсанда желді болар атырап,
Қаңтарда күн “қаңтарылып” байланар,
Ақпанда жел боранға “ықпа” айналар.

ЖАҢАША ЖЫЛ САНАУ

Тышқан жылы — тыңғылықты жыл басы,
Сиыр жылы — сапалықтың жалғасы.
Барыс жылы — береке, ырыс тасқыны,
Қоян жылы — қажыр-қайрат қарқыны.
Ұлу жылы — ұйымшылдық үлгісі,
Жылан жылы — жаңашылдық белгісі,
Жылқы жылы — жақсылықтың жеңісі,
Қой жылы — құт, қарымды еңбек жемісі.
Мешін жылы — молшылықтың мәресі,
Тауық жылы — тоқшылықтың төресі.
Ит жылы — игі, игерілген жұмыстар,
Доңыз жылы — дәулет, сәулет құрылыстар.

ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ ЖЫРЫ

“Ай — бір аунап тұрғанша,
Жыл — ат басын бұрғанша”, —
Деген нақыл шын болар:
“Күн жиылып, ай болар,
Он екі айым — жыл болар...”

1. Дәлу — қаңтар — январь

“ДӘЛУ” дескен бабалар
Қыс шоқтығы бір ай бар.
Біледі оны балалар,
Десем:
Қаңтар — январь.

Қырқа, белдің, аңғардың
Беті-етектен келген қар.
“ҚАҢТАРДА” күн қарға адым
Ұзарады”, — деген бар.

Оппаға орап тастайтын
Мінезімен танылар,
Жаңа жылды бастайтын
Қызығы көп ЯНВАРЬ.

2. Үт — ақпан — февраль

Малшыларға уайым —
Ақ бораны үдейтін
Қыстың соңғы бұл айын
Бұрынғылар “ҮТ” дейтін.
Сүрі қары ақпанның
Сіреу болып қатады.

“АҚПАНДА күн ат адым
Ұзарды”, — деп жатады.

Көктем иісі, лебі бар
Желі соғып, қысқан ай —
Сары аязды ФЕВРАЛЬ —
Екі-үш күні қысқа ай.

3. Амал — наурыз — март

Көне сөздің тұлғасы—
“АМАЛ” аты қалыпты.
НАУРЫЗ бізде жыл басы,
Сүйікті айы халықтың.

“Түске дейін мүйіздей” —
Қар қатпақ боп бағады,
“Түстен кейін киіздей” —
Босап, бұлақ ағады.

Күн күлімдеп, таранар
Табиғаттың шартымен,
Бір жасайды аналар
8-ші МАРТЫМЕН.

4. Сәуір — көкек — апрель

Суға толар сай-сала,
“СӘУІР болмай, жауын жоқ”.
Нуға толар айнала,
“Жауын болмай, дәуір жоқ”.

“Көкек келмей, көктем жоқ” —
Көктемнің дер шағы бұл.

Айдың — төлдер көкке тоқ —
КӨКЕК аты тағы бір.

“Сәуір айы —
Шаруа айы” —
Еңбек етіп жатыр ел.
Есте қалар бар жайы —
Адам ұшқан ғарышқа
12-ші АПРЕЛЬ.

5. Зауза — мамыр — май

Жұлдыз аты тағылған
Айы ЗАУЗА туады,
Дала көкке малынған
Гүлге алуан тұнады.

Аққу құс пен үйрек, қаз
Бекімеген топшысы
Балапаның үрпік, жас
МАМЫР дейді шақта осы.

Әні, күйі көп үнді,
Ерекше түр, сыңайы —
Мерекелі, көңілді
МАЙ — көктемнің соңғы айы.

6. Саратан — маусым — июнь

Оқып, біліп алсын жас,
Айларды өрі таратам:
Молшылықтың басы — жаз,
Жаздың басы — САРАТАН.

Жер жаңбырмен сусындап,
Кемпірқосақ өрілер.
Жаңа егінде МАУСЫМДА
Үшқұлақ көк көрінер.

Ауласында үйіңнің —
Жұпар иісі даланың.
Алғаш күні ИЮНЬНІҢ —
Қорғау күні баланы.

7. Әсет — шілде — июль

Құстар жасап қаракет,
Балапанын ұшырған
Мезгіл аты бар — ӘСЕТ —
Жаз ортасы құлпырған.

Жарық айлы қысқа түн
Ұзақ кезіп даламды,
Тас балқытар ыстық күн
Тек ШІЛДЕДЕ болады.

ИЮЛЬДЕ шөп маялап,
Егін басы толады.
Көкөніс пен миуа бақ
Көздің жауын алады.

8. Сүмбіле — тамыз — август

Шөпке алғаш шық қонғанда,
“Сүйектенді су”, міне.
Қозы марқа болғанда,
Түсті жайлы СҮМБІЛЕ.

Табиғаттың байсалды
Шағы деген — ТАМЫЗДА
Егінге орақ ел салды
Комбайнмен аңызда.
Алма пісіп балбырап,
Қауын өзі жарылар
АВГУСТА елім қабылдап
Алған Ата заңы бар.

9. Мизам — қыркүйек — сентябрь

Құстар ұшып үдере,
МИЗАМ түсе, көшеді.
“Күндерге енді түндер де
Теңеледі” деседі.

Арайлана ай туып,
ҚЫРКҮЙЕКТЕ құлпырар.
Салмақтанып су тұнық,
Байлық артқан қыр тұрар.

Балалар да
Ең төуір
Мезгіл — жазбен қоштасып,
Алғаш күні СЕНТЯБРЬ
Мектеп барар топтасып.

10. Ақырап — қазан — октябрь

АҚЫРАПТА ырысты
Жиын-терін бітеді.
Жер-ана алып тынысты,
Жаңа науқан күтеді.

Сұрғылт көкке біртіндеп,
Сұрқай бұлттар жетеді.
Суық түсіп бір түнде,
“Қазан ұрып” кетеді.
Республикам осы айда
Тойлар күні бар игі —
ОКТЯБРЬДЕН бас алған
Егемен ел тарихы.

11. Қауыс — қараша — ноябрь

Қыстауымен малшының
Қара суық қауышты,
“Сабындай-ақ қамшының”
Күні туды ҚАУЫСТЫҢ.

Сөз бар қалған тамаша:
“Көктемеде бір тойдым.
Келеген шақта ҚАРАША,
Көбік қарға бір тойдым”

Өзгерісімен жер түсі,
Жасар қысқа ел қамын.
НОЯБРЬДІҢ белгісі —
Күз көбейтер мейрамын.

12. Жәді — желтоқсан — декабрь

Ақша қарда түлкі аунап,
Құлпырады осы кез.
Жүреді аңшы аң аулап,
ЖӘДІ аязы сөз емес.

ЖЕЛТОҚСАНДА сонарда
Алуан іздер қалады.

Қыс ауылға қонарда,
Әйнекке өрнек салады.

Үдей түсіп қыс қары,
ДЕКАБРЬДЕ борайды.
Желтоқсанның ызғары —
Тәуелсіздік күн райы.

* * *

“Ай — бір аунап тұрғанша,
Жыл — ат басын бұрғанша”, —
Дегендей бір жай болды:
Күн жиылып, ай болды,
Он екі айым — жыл болды,
Жыл он екі ай — жыр болды.

ЖЫЛДАР КОМАНДАСЫ

Он екі жыл бірде жиналып,
Бастады қызықты бір істі:
Аяқдоп — футболды қолға алып,
Команда құруға кірісті.

Бірінші нөмірлі ойыншы
Жыл басы — Тышқантай —
Қақпашы.
Екінші —
Реті бойынша,
Сиыр —
Шеп қорғаушы—
“Бақташы”.

Үшінші келеді сақ Барыс —
Орталық тосқауыл қырағы.

Төртінші — ор Қоян, сап жарыс,
Қорғайды сол қанат —
Тұрағың.

Бесінші — тас Ұлу қынжылмас,
Келсе де қарсылас қаншама.
Алтыншы — Жылан көп жылжымас,
Атылса,
Жетеді хал-шама.

Жетінші — Жылқы ғой жел жетпес,
Оң қанат — орнында доп алар.
Сегізінші — ісек Қой селт етпес,
Тек керек кезде алға домалар.

Тоғызыншы ал — Мешін —
Капитан,
Алдан да, арттан да табылар.
Оныншы — ақ Тауық,
Сап “аттан”,
Шыққанда, қанаты қағылар.
Он бірінші ол — Ит жүйрік
Қақпаға
Допты дөп бағыттап, соға алар.

Он екінші ал — Доңыз
Сақтаған
Кейінге
Ойыншы саналар.

Он екі жыл солай келісіп,
Жасады қызықты бір істі:
Аяқдоп — футболды тебісіп,
Аланда ойнауға кірісті.

ЖЫЛДАР ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Тышқан,
Сиыр,
Барыс,
Қоян —
Деп, орнына дұрыс қоям.

Ұлу,
Жылан,
Жылқы,
Қой да —
Деп, сақтаймын мықтап ойда.

Мешін,
Тауық,
Ит пен
Доңыз —
Дейміз бұны: біткен болды іс.

Жыл аттарын болсақ талдап,
Енді пікір алысайық;
Әрқайсысын жорамалдап,
Жеке-жеке танысайық.

1. Тышқан

Тапқырлықпен түйені алдап,
Жылдар басы болған тышқан.
Жазда азығын түтел қамдап,
Мал-жан аман қалған қыстан.

2. Сиыр

Жанжалы көп, дауы көп,
“Жаман жылға” саналған
Сиыр — бейбіт, жауы жоқ
Ырыс жылға жаңарған.

3. Барыс

“Жақсы да емен, жаман да емен,
Орташа жыл-барыс”, — деген.
Бұл заманда, жалған демен,
Жомарт жыртқыш табыс берген.

4. Қоян

“Жалпақ қоян жұты”, — деп,
“Үлкен қоян жұты”, — деп,
“Кіші қоян жұты”, — деп,
“Тақыр қоян жұты”, — деп, —
Жүрген қоян,
Қоты кеп,
Жылға айналды құты көп.

5. Ұлу

Жылан да емес,
Балық та,
Темсақ деген алып та.
Ол — сілеусін, қабылан
Төркінінен табылған
Ұлитұғын тағы аң.
Кейін құрып кетіпті,
Керім жыл боп жетіпті.